

М.В.Ломоносов атындағы №5 орта мектеп-лицейі

***Кішіпейілділік-адамның көркі
(сынып сағаты)***

Қарымбаева Айгүл Мырзағалиевна



Талдықорған қаласы, 2016 жыл.

Кішіпейілділік-адамның көркі

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Кішіпейілділік-адамның көркі»

Мақсаты: Халқымыздың сан мыңдаған ғасырлар бойы жинақтаған баға жетпес қазынасы - бабалардың өсиет сөздерін ұғындыру; үлкенге құрмет көрсетуге, кішіге ізет көрсетуге баулу; оқушыларды өз ойларын жеткізе білуге, пікір айту, тыңдауға үйрету.

Түрі: кездесу, пікіралысу, сұрақ - жауап.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, плакаттар, слайд т. б

Барысы:

1. Ұйымдастыру.

- Сәлемдесу

- Шаттық шеңбері

Балалар, сабағымызды бастамас бұрын шаттық шеңберіне тұрып, бір - бірімізге жылу сыйлайық.

2. Кіріспе сөз.

- Балалар, Бүгінгі біздің тәрбие сағатымыздың тақырыбын анықтау үшін тақтадағы берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруіміз қажет.

(Балаларды тақтаға кезектестіріп шығару, сұрақтарға жауап іздеу)

1. Білім ордасы?

2. Оқу _____ бұлағы
_____ өмір шырағы

3. Алыс сөзінің синонимі?

4. Өзіңнен кіші бауырың

5. Сыныптағы жиһаздың бірі

6. Әкеңнің анасы

7. Туды тағы қалай атаймыз?

8. Қабат, қабат қаптама, ақылың болса аттама.....

9. Туған жер – туған.....?

10. _____ көпті жау алмайды,

11. Үлкенге - құрмет, кішіге -.....

12. Білекті бірді жығады,..... мыңды жығады.

13. Батаның бір түрі

14. Отан үшін отқа түссең....., елің үшін соғыссаң өлмейсің.

Балалар бұл сұрақтарға жауап бере отырып қандай ой түйдіңдер? (Оқушылар өз ойларын айтады)

- Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі біздің тәрбие сабағымыз кішіпейілділікке тікелей байланысты, яғни «Кішіпейілділік – адамның көркі» деп аталады.

3. Сұрақ - жауап бөлімі. (Оқушыларға сұрақтар қойылады, сол сұрақтар төңірегінде оқушылар жауаптарын тыңдау)

Мұғалім: Балалар, үлкенге сый - құрмет, кішіге жол көрсет дегенді қалай түсінесіңдер?

Оқушы: Ол үлкенді сыйлай білу, кішілерге үлгі - өнеге болу деген ұғымды білдіреді.

Үлкендерге сый - құрмет дегенге кішіпейіл, әдепті, сыпайы болу деген ұғым бар.

Мұғалім: Қане, балалар, осы тақырып төңірегінде пікір алысайық. Өмірлеріңде осы тақырып шеңберінде қандай жағдайлармен кездестіңдер? Көрген кино, оқыған кітаптарыңнан мысал алуға болады. Егер қанатты сөздер білсеңдер тіпті жақсы.

Оқушы: Қоғамда өмір сүрген адамдар үшін жалпыға бірдей тәртіп ережелері болады.

Оқушы: Адам баласы жолдастарымен, туыстарымен қарым - қатынас жасағанда, оның таныс, еместігіне, алыс - жақындығына, үлкен - кішілігіне, қызмет дәрежесіне қарамай, кішіпейіл, әдепті болуы керек. Бұл – адамгершілік борыш.



Қорытынды: Кішіпейілділік дегеніміз жеке адамның жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, өзінің жеке бастық керек-жарағын сол қоғамдағы халықтың материалдық жағдайына сәйкес шектеуі, барлық адамға құрметпен қарап, өзінің ғана мүдделеріне қатысы бар жекелеген адамдардың ұсақ-түйек кемшіліктеріне төзімділік көрсетуі, сонымен қатар өзінің және басқалардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сын көзбен қарауы.

Адам – әлеуметтік тіршілік иесі. Осыдан адамның басқалар алдындағы, қоғам алдындағы, табиғат алдындағы жауапкершілігі, міндет-парызы келіп шығады. Осыны сезіну оны кішіпейіл етеді. Ондай адам өзінің артықшылықтарына пәлендей мән беріп жатпайды, өзінен-өзі солай болуға тиісті нәрсе деп қарайды. Бұл сияқты адамдар көбінесе, шынында да, айтарлықтай артықшылықтары бар адамдар, өз еркімен қоғамға, адамзатқа қызмет істеуге бел буған кісілер болып келеді.

Кішіпейілділік, қарапайымдылық адамның барлық іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан, өзін ұстауынан, мінез-құлқынан, тәртібінен, сөзінен, киген киімінен де аңғарылып тұрады.

Кішіпейілділік өзге адамдарды сыйлаудан, олармен қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылықтан, өзінің қызметін дабырлатып марапаттамаудан көрінеді. Ондай адамның сөзі ұстамды келеді. Өзінің сезімін басқаларға білдіруге асықпайды. Қарым-қатынаста тұрақтылық басым болып, аумалы-төкпелілікке жол бермейді. Бірақ мұның бәрі қандай жағдайда да өз пікірін ашық айтуға кедергі келтірмейді. Өйткені, ол өзіне де, өзгеге де жоғары талап қояды.

Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірбан болады. Кісіге қарасуға, қол ұшын беріп, жәрдемдесуге дайын тұрады. Кішіпейілділік жай нәрсе емес, ол – мінез, әлеуметтік мәртебе, көп қошемет тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деп оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген.

